



KAZAKHSTAN PARA VOLLEYBALL FEDERATION

2nd edition



МАЗМҰНЫ

- 03** **АЛҒЫ СӨЗ**

- 04** **Қазақстандық пара волейбол федерациясы**

- 06** **2025 жылдың жарқын жеңістері**

- 08** **Шектеу жоқ: ерік бар, мақсат бар**
Арман Манабаев

- 10** **Волейболды отырып ойнаудан әйелдер құрама командасы**

- 12** **Пара волейбол – мүмкіндіктер алаңы**
Нұсрет Ақылбаевпен сұхбат

- 15** **Әлемдік пара волейбол: даму қарқыны мен келешегі**
Батыр Қадырбайұлымен сұхбат

- 17** **Демеушілер мен серіктестер қолдауы**

- 22** **2025 жылғы спорттық атақтар мен марапаттар**

- 23** **2026 жылғы спорттық іс-шаралар тізімі**

АЛҒЫ СӨЗ



Қазақстандық пара волейбол федерациясы үшін 2025 жыл мазмұнды да нәтижелі кезең болды. Бұл жыл елімізде волейболды отырып ойнау спортының жүйелі дамып, халықаралық деңгейде нақты жетістіктерге қол жеткізгенін айқын көрсетті.

Ұлттық құрамамыз биыл Алғаш рет Азия жеңімпаздары мен әлем кубогының жүлдегерлері атанып, Қазақстанның атын әлемдік спорт аренасында таныта білді. Бұл табыстар – спортшылардың табанды еңбегінің, жаттықтырушылар құрамының кәсіби жұмысының, спорттық медицина қызметкерлерінің, сондай-ақ федерация мен серіктес ұйымдардың үйлесімді әрекетінің нәтижесі.

Еліміздің өңірлерінде волейболды отырып ойнау кеңінен дамып келеді. Командалар санының артуы, инфрақұрылымның нығаюы және жас спортшыларды даярлау ісінің жолға қойылуы спорттың бұл түріне деген қызығушылықтың жылдан жылға өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Федерация алдағы уақытта да ұлттық құраманың әлеуетін арттыруға, резерв дайындауға және халықаралық аренада бәсекеге қабілетті командалар қалыптастыруға басымдық береді. Бұл бағыттағы жұмыстар мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау мен серіктестердің сенімінің арқасында жүзеге асуда.

Осы журнал беттерінде бір жыл ішінде атқарылған жұмыстар, маңызды жарыстар мен жарқын жеңістер қамтылды. Бұл – ортақ еңбектің, бірліктің және алға қойған мақсаттарға адалдықтың көрінісі.

Сөз соңында волейболды отырып ойнау спортының дамуына үлес қосып жүрген барша спортшыларға, жаттықтырушыларға, мамандарға және серіктестерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Алда тұрған міндеттер мен жаңа белестер бізді одан әрі бірлесе еңбек етуге жетелейді.

Ізгі тілекпен,

Дүйсенбай Тұрғанов

Қазақстандық пара волейбол федерациясының президенті

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАРА ВОЛЕЙБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

2018 жылы Қазақстанда волейболды отырып ойнауды толыққанды дамыту үшін "Республикалық волейболды отырып ойнау федерациясы" қоғамдық бірлестігі құрылды.

2020 жылы федерация республикалық аккредитация алып, "Қазақстандық пара волейбол федерациясы" деп қайта тіркелді. Қазіргі таңда оның Қазақстанда 14 филиалы бар.

2022 жылы федерация Халықаралық World ParaVolley ұйымының мүшесі атанды.

2023 жылы (3–8 шілде) Астанада алғаш рет ерлер және әйелдер құрамалары арасында Азия чемпионатын ұйымдастырды. Осы жарыста Қазақстанның ерлер құрамасы 28 жылда алғаш рет Париж-2024 Паралимпиадасына тікелей лицензия ұтып алды.

2024 жылы (28 тамыз – 8 қыркүйек) Париж-2024 XVII жазғы Паралимпиада ойындарында үздік бестікке кірді.

2025 жылы ерлер құрама командасы Азия жеңімпазы (Қытай) және Әлем кубогының (АҚШ) қола жүлдегері атанды.



Федерация басшылығы:



Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты,
«Қазақстандық пара волейбол федерациясы» РҚБ
Президенті



Бауыржан Тахауов
Қазақстандық пара волейбол федерациясының
Вице-президенті

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
жаттықтырушысы, бас бапкер



Қадырбайұлы Батыр
Бас хатшы



ASIAN CHAMPIONS

2025 ЖЫЛДЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСТЕРІ



ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРАЛІГІ



KAZAKHSTAN
PARA VOLLEYBALL
FEDERATION



Sport Qory
QAZAQSTAN



SAMRUK
KAZYNA
GENERAL PARTNER



ATYRAU
SPORT_TURIZM



WORLD
ParaVolley

Волейболды отырып ойнаудан Қазақстан ерлер құрамасы алғаш рет **Азия чемпионы** атанды

Тарихи жетістік! Волейболды отырып ойнаудан Қазақстан ерлер құрамасы отырып ойнайтын волейболдан Азия чемпионатында алғаш рет жеңімпаз атанды. Финалдық кездесуде отандастарымыз Қытай командасын 3:2 есебімен тізе бүктіріп, алтын медальға қол жеткізді. Жарыс 6–15 маусым аралығында Қытайдың Ханчжоу қаласында өтті.

Турнир барысындағы Қазақстан құрамасының нәтижелері:

Топтық кезең:

- Сауд Арабиясы – 3:0
- Жапония – 3:0
- Аустралия – 3:0

Жартылай финал:

- Таиланд – 3:0

Финал:

- Қытай – 3:2 (22:25, 19:25, 25:19, 25:20, 8:5)

Құрама екі партияда ұтылып жатқанымен, кейінгі үш партияда жеңісті жұлып алды.

Азия чемпионатының жалпы қорытындысы

- 1-орын – Қазақстан
- 2-орын – Қытай
- 3-орын – Таиланд

Қазақстан мен Қытай құрамалары 2026 жылы өтетін әлем чемпионатына жолдама алды.



Волейболды отырып ойнаудан Қазақстан ерлер құрамасы алғаш рет Әлем Кубогының қола жүлдегері атанды

Т9-18 қазан аралығында АҚШ-тың Форт-Уэйн қаласында өткен волейболды отырып ойнаудан Әлем кубогінде Қазақстан ерлер құрамасы қола медаль иеленді.

Қола жүлде үшін өткен кездесуде қазақстандық спортшылар АҚШ құрамасын 3:1 есебімен (25:23, 25:18, 15:25, 25:23) тізе бүктіріп, турнирдің үздік үштігіне енді. Кубоктың жеңімпазы – Мысыр командасы, ал күміс жүлдені Бразилия құрамасы жеңіп алды.

Топтық кезеңде Қазақстан ұлттық құрамасы Италия (3:0), Польша (3:0), Канада (3:0), Франция (3:0), Тайланд (3:0) және АҚШ (3:2) командаларын жеңіп, өз тобынан бірінші орынмен шықты. Жартылай финалда біздің спортшылар Мысыр құрамасынан 0:3 есебімен жеңіліп, қола медаль сарапқа салынған матчта АҚШ құрамасымен қайта кездесіп, сенімді жеңіске жетті.

«Қазақстан құрамасы әлемдік аренада жаңа белестерді бағындыруда. Биыл команда алғаш рет Азия чемпионы атанды, енді міне, Әлем кубогінде жүлдегерлер қатарынан көрінді. Бұл – тек спортшылар мен жаттықтырушылардың емес, бүкіл команданы қолдаған мемлекеттің, серіктестер мен жанкүйерлердің ортақ еңбегі. Спортшыларымыздың табысты өнер көрсетуіне қолдау көрсеткен Туризм және спорт министрлігіне, “Ситибанк Қазақстан” АҚ, “Самұрық-Қазына” АҚ және Sport Qory-на алғыс білдіремін. Осындай жан-жақты қолдаудың арқасында ұлттық құрама халықаралық деңгейде тұрақты көшбасшы ретінде танылып, жаңа биіктерге ұмтылуда», – деді ұлттық құраманың бас бапкері Бауыржан Тахауов.

Айта кетсек, Әлем кубогіне 14 ерлер және 6 әйелдер құрама командалары қатысты. Бұл турнир – 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Паралимпиадаға іріктеу кезеңіне маңызды рейтингтік ұпай беретін жарыстардың бірі.





Пара волейболдан жарыстар VII Спартакиада аясында өтті



Астана қаласындағы Паралимпиадалық жаттықтыру орталығында тірек-қимыл аппараты зақымдалған спортшылар арасында волейболды отырып ойнаудан өткен VII Спартакиада өз мәресіне жетті.

Жарысқа Астана мен Алматы қалаларынан және Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Жетісу командалары қатысты.

«Биыл Спартакиадаға рекордтыттық командалар саны қатысты. Жаңа құрамалар қатарын Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары толықтырды. Жарыс өте тартысты әрі жоғары деңгейде өтті. Командалар жақсы дайындықпен келген. Жалпы командалық есеп бойынша Атырау облысы чемпион атанды. Маңғыстау командасы күміс, ал Қызылорда облысы қола жүлдеге ие болды.

Бұл жарыстың басты мақсаты — дене мүмкіндіктері шектеулі азаматтар арасында пара спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және ұлттық құрамаға үздік спортшыларды іріктеу», - деді Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының волейболды отырып ойнау спорт түрінен команда басшысы Ерсұлтан Жолшиев.

Айта кетейік, Спартакиада аясында волейболды отырып ойнаудан жарыс 1–5 маусым аралығында өтті.



Шектеу жоқ: ерік бар, мақсат бар

АЛМАТ МАНАБАЕВ



Пара спорт – бұл тек медаль мен нәтиже ғана емес. Бұл – тағдырмен күрес, өз-өзіңді қайта табу, өмірге деген құштарлық пен табандылықтың көрінісі. Бүгін біз оқырмандарымызды дәл осындай жолдан өткен, талай сынақты еңсеріп, ел намысын халықаралық ареналарда абыроймен қорғап жүрген пара волейболшымызбен таныстырмақпыз.

Алмат Манабаев – волейболды отырып ойнаудан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан ұлттық құрамасының тәжірибелі ойыншысы. Қызылорда облысының тумасы, төрт баланың әкесі. Спорттағы еңбекқорлығы мен жан-жақтылығының арқасында ол жағажай волейболы, классикалық волейбол және жеңіл атлетикадан да спорт шебері атағына ие. Волейболды отырып ойнаумен 18 жылдан бері тұрақты түрде айналысып келеді.

Волейболды отырып ойнау спортына қалай келдіңіз?

Бала күнімнен спортқа жақын болдым, еркін күреспен айналыстым. Алайда 13 жасымда сол қолымнан айырылдым. Ауылда жаңадан салынған кірпіш зауытына балалық қызығушылықпен барып, құм тасымалдайтын ленталық транспортерге қолым қысылып қалып, ауыр жарақат алдым. Сол сәтте Талғат есімді ағам мені ауруханаға жеткізді, алайда дәрігерлер қолымды сақтап қала алмады. Алғашқы кезең мен үшін өте ауыр болды. Барлығына қайтадан үйрену, болашақтың қалай болатыны туралы ойлар бала көңіліме үлкен салмақ салды.

Арада бес жыл өткен соң Алматыдағы протез орталығында пара волейболшылармен таныстым. Олар Талдықорғанда өткен Спартакиададан келе жатқанын айтып, волейболды отырып ойнауды байқап көруге кеңес берді.

Қызылордаға оралған соң, пара спорт туралы арнайы іздене бастадым. Мүгедектігі бар жандарға арналған спорт клубтарының бар екенін де сол кезде білдім.



Алғашында жеңіл атлетика мен волейболды отырып ойнаумен қатар айналыстым. Кейін біржола волейболды отырып ойнауға тоқталдым. 15 жыл бойы Қызылорда құрамасында, бір жыл Маңғыстау құрамасында ойнадым. 2024 жылы Атырау құрамасына ауысып, бүгінде осы команда сапында және ұлттық құрама қатарында ел намысын қорғап жүрмін.

Алғашқы жарысыңыз есіңізде ме?

Спорт жолындағы ең алғашқы жарысым Маңғыстауда волейболды отырып ойнаудан өткен республикалық турнир болды. Ол кезде командамызбен үшінші орын алдық. Спортқа енді ғана келгеніме қарамастан, сол жарыста



жүлдеге ілігу мен үшін үлкен серпіліс болды. Осыдан кейінгі басты мақсатым — халықаралық жарыстарға қатысу еді. Алты жыл бойы тынымсыз жаттығу жасап, оқу-жаттығу жиындарына қатысып, республикалық жарыстарда тәжірибе жинадым. Нәтижесінде Литвада өткен халықаралық жарысқа алғаш рет қатыстым. Бұл жарыста жүлдеге қол жеткіздік. Алғашқы халықаралық дода мен шетелге тұңғыш рет шығуым маған ерекше әсер беріп, одан да жоғары нәтижелерге ұмтылуыма үлкен мотивация болды. Сол жарыста командадағы спортшылардың бір-біріне деген қолдауын, бір мақсат жолында жұмыла жұмыс істегенін, ынтымақтастығы мен ойынға деген құштарлығын көріп, мен де осы жігіттер секілді ұлттық құрама сапында өнер көрсетуді мақсат еттім. Елге оралған соң, өзіме «құрамаға ену үшін бар күшңді сал» деген талап қойдым.

Осы мақсаттың нәтижесінде 2017 жылы ұлттық құрама қатарына қосылдым. Көп ұзамай командамен бірге Ханчжоуда өткен Азия чемпионатында күміс жүлде, ал 2018 жылы Джакартада өткен Азия Пара ойындарында қола жүлде иелендік. Соңғы жеңісті сәттердің бірі — биыл Қытайда және АҚШ-та өткен жарыстар. Биыл біздің ұлттық құрама тұңғыш рет Азия чемпионатының жеңімпазы атанып, әлем кубогының жүлдегері болды.

Шілде айында Қытайда өткен Азия чемпионатында Сауд Арабиясы, Жапония, Австралия және Таиланд құрамаларын жеңіп, чемпион атандық. Ал АҚШ-та өткен әлем кубогында Италия, Польша, Канада, Франция және Таиланд құрамаларынан басым түсіп, АҚШ құрамасына 3:2 есебімен, ал Мысыр командасына 0:3 есебімен есе жіберіп, әлем кубогының қола жүлдегерлері атандық.

Волейболды отырып ойнаумен айналысу барысында түрлі үзілістер болғанымен, спорттан кету немесе пара спортқа қайта оралмау туралы ешқашан ойлаған емеспін. Керісінше, әр үзілістен кейін жарыс алаңына тезірек оралғым келеді.





citi

2025 жылы алғаш рет әйелдер арасында волейболды отырып ойнаудан республикалық жарыстар өтті





Волейболды отырып ойнаудан әйелдер арасында ҚР кубогы

30 наурызда, Алматы қаласында әйелдер арасында волейболды отырып ойнаудан алғаш рет Қазақстан Республикасының кубогы өтті.

Астана мен Алматы қалалары, Жетісу және Алматы облыстарының командалары қатысып, тартысты ойын көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша спортшылар ақшалай жүлделер мен естелік сыйлықтарға ие болды:

- 1 орын – Астана қаласы
- 2 орын – Жетісу облысы
- 3 орын – Алматы облысы
- 4 орын – Алматы қаласы

Жеке номинациялар:

- Үздік шабуылшы – Қабулова Фарида
- Үздік пас беруші – Мұқашева Жазира
- Үздік қорғаушы – Храмцова Александра
- Турнирдің үздік ойыншысы – Әлімбаева Бақытгүл

Шараның демеушілері:



Волейболды отырыш ойнаудан әйелдер арасында **алғашқы ҚР чемпионаты** өтті

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде Citi және “Ауыл” партиясының қолдауымен волейболды отырып ойнаудан әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Аталған доданың басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі спортшыларды қолдау, параспортты дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау. Жарысқа Астана, Алматы қалалары мен Жетісу, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстарынан келген командалар қатысып, тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті.

Жарыс нәтижелері:

- I орын – Алматы облысы
- II орын – Алматы қаласы
- III орын – Астана қаласы

Чемпионат барысында спортшылар өзара шеберлік танытып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер қаржылай сыйақылармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.



Пара волейбол — МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ



Қазақстанда параспорттың дамуына өз үлесін қосып жүрген жандардың бірі – Ақылбаев Нұсрет Асырұлы. Ол спортты өмірлік ұстанымына айналдырып, бүгінде мүмкіндігі шектеулі жандар арасында, әсіресе әйелдер параволейболын дамыту жолында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

1. Осыдан бір жыл бұрын ғана волейболды отырып ойнау спорты елімізде негізінен ерлер құрамалары арасында кеңінен дамыған еді. Ал бүгінде Қазақстанның алты өңірінде әйелдер командалары құрылып, ұлттық құрама жасақталды. Осы қалыптасу жолы туралы айтып берсеңіз.

Иә, бір жыл бұрын параволейбол елімізде тек ерлер арасында ғана жүйелі түрде дамыған болатын. Әйелдер арасында бұл спорт түрі кеңінен танылмаған, нақты құрылымы да жоқ еді. Біз алдымен өңірлермен тығыз байланыс орнатып, мүмкіндігі шектеулі қыз-келіншектермен кездесулер өткіздік. Спорттың мән-маңызын түсіндіріп, алғашқы жаттығуларды шағын топтармен бастадық. Уақыт өте келе қызығушылық артып, нәтижесінде бір жылдың ішінде алты өңірде тұрақты командалар құрылды. Сол командалар негізінде ұлттық құрама жасақталды. Бұл – үлкен еңбектің, сенім мен бірліктің нәтижесі.

2. Әйелдер арасындағы пара волейболды дамыту бағытын таңдауыңызға не себеп болды?

Ең басты себеп – қыз-келіншектерге тең мүмкіндік беру. Спорт тек физикалық даму емес, адамның өзіне деген сенімін арттыратын үлкен күш. Ал елімізде мүмкіндігі шектеулі әйелдер үшін спорттық таңдау өте шектеулі болды. Мен олардың да жарыстарға қатысып, жеңіс қуанышын сезінуге толық лайық екенін түсіндім. Сондықтан әйелдер параволейболын жүйелі түрде дамыту – басты мақсатым болды.



3. Аймақтарда командалар құру барысында қандай қиындықтар кездесті?

Алғашқы кедергі – волейболды отырып ойнау туралы ақпараттың аздығы еді. Көпшілік бұл спорт түрінің мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді әрі тиімді екенін білмеді. Сонымен қатар инфрақұрылым мәселесі де айқын сезілді: арнайы бейімделген спорт залдары мен қажетті жағдайлар жетіспеді. Ал бастапқы кезеңде ең үлкен тосқауыл – қыздардың өздеріне деген сенімсіздігі болды. Көпшілігі бұл спортты меңгере аламын ба деген күмәнмен келді. Дегенмен уақыт өте келе жүйелі жұмыс пен тұрақты қолдаудың арқасында осы қиындықтардың барлығы біртіндеп еңсеріле бастады.



4. Осы жолда сізге қолдау көрсеткен жандар немесе ұйымдар болды ма? Олардың үлесін атап өтсеңіз.

Ең алдымен “Ситибанк Қазақстан” АҚ-ның қолдауымен спортшыларға қажетті спорттық жабдықтар мен арнайы формалар сатып алынды. Сонымен қатар облыстық спорт басқармалары, әлеуметтік бастамаларды қолдайтын ұйымдар мен жанашыр меценаттар да бұл іске өз үлесін қосты. Оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыруға және спорт залымен қамтамасыз етуге көмектескен Халықаралық Тараз инновациялық университетін де ерекше атап өткен жөн.

Алайда ең құнды қолдау – қарапайым адамдардың сенімі, спортшылардың отбасылары мен өңірлердегі жаттықтырушылардың жанкешті еңбегі. Дәл осы сенім мен қолдау бүгінгі нәтижеге негіз болды.



5. Бүгінде жасақталған ұлттық құраманың алдағы кезеңге арналған басты мақсаттары қандай?

Басты мақсатымыз – халықаралық аренада Қазақстанның атын абыроймен таныту. Алдымен Азия аймағындағы жарыстарда тұрақты нәтиже көрсету, кейін әлемдік деңгейге шығу жоспарда бар. Сонымен қатар өңірлік командалардың санын арттырып, ішкі чемпионаттарды жүйелі форматқа көшіруді көздейміз.

6. Сіз үшін жаттықтырушы ретіндегі басты жауапкершілік неде?

Мен үшін басты жауапкершілік – әр спортшының бойындағы мүмкіндікті көріп, оны ашуға көмектесу. Жаттықтырушы тек техника үйрететін маман емес, ол – бағыт беретін, мотивация сыйлайтын тұлға. Сондықтан ең алдымен олардың өздеріне сенуіне жағдай жасау маңызды.

7. Команданың бүгінгі деңгейіне қарап, атқарылған жұмысқа қандай баға берер едіңіз?

Қысқа уақыт ішінде команданың даму қарқыны өте жоғары болды. Бір жылда осындай деңгейге жету – үлкен нәтиже. Әрине, алда атқаратын жұмыс әлі көп, бірақ бүгінгі жетістіктеріміз дұрыс бағытта келе жатқанымызды көрсетеді. Мұның бәрі – қыздардың еңбегі мен бірлігінің жемісі.

8. Пара спортқа қызығушылық танытып жүрген қыздарға қандай кеңес айтқыңыз келеді?

Ең басты кеңес – қорықпау. Алғашқы қадам әрдайым қиын көрінуі мүмкін, бірақ дәл сол қадам сізді мықты етеді. Өзіңізге сеніңіз, мүмкіндігіңізді шектемеңіз. Командаға келіп, байқап көріңіз. Сіз ойлағаннан да көп нәрсеге қабілеттісіз.



Әлемдік пара волейбол: даму қарқыны мен келешегі

Қазақстан пара волейболы соңғы жылдары халықаралық деңгейде қарқынды дамып келеді. Бұл бағытта жүйелі жұмыс пен жауапты басқарудың рөлі зор. Қазақстандық пара волейбол федерациясының бас хатшысы, Халықаралық пара волейбол федерациясының (World ParaVolley) спорт директоры **Батыр Қадырбайұлы** отандық параспорттың дамуына үлес қосып жүрген білікті мамандардың бірі. Осы сұхбатта біз оның жаңа қызметі, әлемдік пара волейболдың бүгінгі бағыты және Қазақстан құрамасының болашағы туралы әңгімелестік.

1. Батыр Қадырбайұлы, сізді Халықаралық пара волейбол федерациясының спорт директоры лауазымына тағайындалуыңызбен құттықтаймыз. Жаңа қызметтегі негізгі міндеттеріңізге тоқталып өтсеңіз.

Рахмет. Бұл – үлкен сенім әрі жауапкершілік. Спорт директоры ретіндегі басты міндетім – халықаралық жарыстардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуын қамтамасыз ету және олардың әділ әрі сапалы өтуін қадағалау. Сонымен қатар пара волейболдың халықаралық деңгейде жүйелі дамуына үлес қосу – негізгі мақсатым.

2. Халықаралық пара волейбол федерациясының (World ParaVolley) бүгінгі басты миссиясы қандай? Бұл ұйым пара спорттың жаһандық дамуына қалай үлес қосып келеді?

World ParaVolley федерациясының басты миссиясы – пара волейболды әлем бойынша кеңінен насихаттау және тұрақты дамыту. Осы мақсатта федерация құрамында спорттық, төрешілік, медициналық және даму бағытындағы арнайы бөлімшелер жүйелі түрде жұмыс істеп келеді. Барлық бастама пара волейболды кәсіби деңгейге көтеруге бағытталған.

3. Қазіргі таңда әлемде пара волейболдың даму деңгейін қалай бағалайсыз? Қай өңірлерде бұл спорт түрі қарқынды дамып келеді?



Классикалық волейболмен салыстырғанда, пара волейболдың әлеуеті әлі толық ашылған жоқ деп ойлаймын. Дегенмен соңғы жылдары бұл спорт түріне қызығушылық артып келеді. Қазіргі таңда World ParaVolley федерациясының құрамында 70-ке жуық мемлекет бар, ал ресми мүшелікке енбесе де, пара волейболды өз елінде дамытып жатқан мемлекеттер де аз емес.

Осы өсімге қарамастан, дамуды жаңа деңгейге көтеру үшін медиа мен демеушілік бағытта әлі де жүйелі жұмыс қажет. Айта кетерлігі, федерацияда қызмет атқаратын мамандардың барлығы – еріктілер. Олар өз еңбегін таза энтузиазммен атқарып, пара волейболдың әлемдік деңгейде дамуына үлес қосып келеді.

Бүгінде әлемдік көшбасшылар қатарында Иран, Босния және Герцеговина, Мысыр мен Бразилия бар. Ал алдағы уақытта Еуропа елдерінің алға шығуы заңды деп санаймын. Себебі бұл өңірде клубтық жүйе жақсы дамыған: әр апта сайын түрлі елдердің командалары тұрақты түрде жарыстар өткізіп тұрады. Осындай тәжірибе болашақта өзге аймақтарға да үлгі болуы тиіс.

4. Қазақстан пара волейболының халықаралық деңгейдегі орнына қандай баға берер едіңіз?

Қазақстан ерлер құрамасы бүгінде әлемдік көшбасшылар қатарына қосылды деуге толық негіз бар. 2020 жылы әлемдік рейтингте 12-орында болсақ, 2025 жылы 5-орынға дейін көтерілдік. Алғаш рет Азия чемпионы атанып, әлем кубогында қола жүлдеге ие болдық.

Елімізден екі халықаралық төреші ірі жарыстарға шақырылып келеді. Сонымен қатар бірлескен оқу-жаттығу жиындарын өткізуге тұрақты ұсыныстар түсуде. 2021–2025 жылдар аралығында Мысыр, Бразилия, Ресей, Иран және Жапония құрамаларымен бірлескен дайындықтар өтті.

Командамызда 20-дан астам халықаралық дәрежедегі спорт шебері бар. Ал бас жаттықтырушы Бауыржан Тахауов «Құрмет» орденімен марапатталды.

2025 жылы әйелдер құрамасы құрылды. Жыл басында тек Астана қаласында бір команда болса, жыл соңында алты облыстан командалар қатысқан Қазақстан чемпионаты өтті. Алдағы уақытта балалар мен жасөспірімдер арасында пара волейболды дамыту жұмысын бастауды жоспарлап отырмыз.



5. Пара волейболды елімізде дамытуда қандай негізгі мәселелер мен кедергілер бар деп ойлайсыз?

Статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстанда бүгінде 800 мыңға жуық түрлі санаттағы мүгедектері бар адам бар. Сол жандарды спорттық өмірге тарту, оларға қолжетімді әрі кедергісіз орта қалыптастыру бағытында әлі де атқарылар жұмыс көп.

Бұл ретте тек мемлекеттік құрылымдар ғана емес, ірі халықаралық және отандық компаниялар да корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (CSR) қағидаттары арқылы жүйелі түрде өз үлесін қоса алады деп есептеймін.

6. Алдағы жылдарға арналған халықаралық күнтізбеде ерекше мән берілетін жарыстар мен жобалар бар ма?

Алдағы жылы 2028 жылғы Лос-Анджелес Паралимпиада ойындарына іріктеу кезеңі басталады. Сонымен қатар шілде айында Қытайда әлем чемпионаты, ал қазан айында Жапонияда Азия Пара ойындары өтеді деп жоспарлануда. Қазіргі таңда ұлттық құрамалар осы маңызды жарыстарға дайындықты бастап кетті.

7. Жаңа қызметіңіз арқылы Қазақстан спортына, оның ішінде пара волейболдың дамуына қосар үлесіңіз қандай болады деп ойлайсыз?

Бұл – үлкен жауапкершілік пен тепе-теңдікті талап ететін жұмыс. Бір жағынан World ParaVolley федерациясындағы міндеттерді атқара отырып, екінші жағынан Қазақстан пара волейболының мүддесін де ескеруге тура келеді. Негізгі мақсатым – халықаралық тәжірибені елге енгізіп, қазақстандық пара волейболдың дамуына қосымша мүмкіндік ашу.



ДЕМЕУШІЛЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР



ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



SAMRUK
KAZYNA
GENERAL PARTNER

Sport Qory
QAZAQSTAN



NATIONAL
PARALYMPIC COMMITTEE
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN



SAMRUK
KAZYNA
TRUST





«Тенізшевройл» компаниясы бірнеше жылдан бері Қазақстандағы паравoleyболдың дамуына тұрақты қолдау көрсетіп келеді.

2025 жылы «Тенізшевройл» пара волейболдың материалдық-техникалық базасын күшейту мақсатында халықаралық стандарттарға сай Molten доптары мен заманауи спорттық жабдықтарды сатып алып берді. Сонымен қатар, Қазақстан ұлттық құрамасының халықаралық жарыстарға сапалы дайындалуын қамтамасыз ету үшін арнайы шағын автобус табыс етті.

Аталған қолдау спортшылардың оқу-жаттығу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, жаттығу орындарына ыңғайлы қатынауына және дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Нәтижесінде пара волейболмен жүйелі түрде айналысатын спортшылар саны артып, ұлттық құраманың дайындық деңгейі жаңа сапалық кезеңге көтерілді. Командалық өзара үйлесімділік күшейіп, халықаралық жарыстар алдындағы дайындық тиімді ұйымдастырылды. Мұндай жан-жақты қолдау қазақстандық пара волейболшылардың әлеуетін ашуға, олардың халықаралық ареналарда ел намысын абыроймен қорғауына берік негіз қалыптастырды.

CITI - ВОЛЕЙБОЛДЫ ОТЫРЫП ОЙНАУДАН ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНЫҢ БАС СЕРІКТЕСІ



Official Partner

Citi компаниясы инклюзивті даму қағидаттарын ұстана отырып, паралимпиадалық қозғалысты әлемдік деңгейде қолдап келе жатқан жетекші халықаралық қаржы институттарының бірі. Компанияның әлеуметтік жауапкершілікке негізделген бастамалары мүмкіндігі шектеулі жандар үшін тең мүмкіндіктер қалыптастыруды, олардың спорт арқылы әлеуетін ашуды және қоғамдағы белсенді рөлін арттыруды көздейді. Citi әлемнің көптеген елдерінде бейімделген спортты, паралимпиадалық бағдарламаларды және спортшыларды қолдауға бағытталған ұзақмерзімді жобаларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Осы жаһандық бастамалардың жалғасы ретінде Citi компаниясы 2024 жылдың басынан бастап Қазақстандық пара волейбол федерациясымен ресми әріптестік орнатты. Париж-2024 Паралимпиада ойындары қарсаңында Қазақстан ұлттық құрамасына көрсетілген жан-жақты қолдау бұл серіктестіктің нақты нәтижесін айқын көрсетті. Құраманың дайындығын күшейту мақсатында ғылыми-медициналық топтың жұмысы ұйымдастырылып, заманауи спорттық жабдықтар мен кәсіби спорттық экипировка сатып алынды. Мұндай кешенді қолдау спортшылардың дайындық сапасын арттырып, халықаралық ареналарда жоғары нәтиже көрсетуіне берік негіз қалады.

2025 жылы Citi компаниясының қолдауы өз жалғасын тауып, Қазақстанның ерлер параволейбол құрамасы Азия чемпионатында алтын жүлдеге, ал Әлем кубогында қола жүлдеге ие болды. Сонымен қатар, компания әйелдер арасындағы отырып ойнайтын волейболды дамытуға ерекше көңіл бөліп, бұл бағыттағы ұлттық құраманы қалыптастыруға және жарыс жүйесін дамытуға қолдау көрсетті.



Official Partner

Citi компаниясының демеушілігімен елімізде алғаш рет волейболды отырып ойнауан Қазақстан кубогы мен Қазақстан чемпионаты ұйымдастырылды. Жарыстар қорытындысы бойынша үздік спортшылар Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасына іріктелді. Спортшылар арнайы спорттық экипировкамен, халықаралық стандарттарға сай доптармен және спорт залдарына арналған арнайы матты жабындармен қамтамасыз етілді.


Бұл қолдаудың нәтижесінде өңірлерде бес жаңа команда құрылып, параволейболдың географиясы кеңейді. Ең бастысы — мүмкіндігі шектеулі әйелдердің спортқа деген қызығушылығы артып, олардың қоғамға бейімделуіне, белсенді өмір салтын ұстануына және өз әлеуетін жүзеге асыруына кең мүмкіндік туды. Citi компаниясының параволейболды қолдауы — инклюзивті спортты дамытудың нақты әрі нәтижелі үлгісі.



ВОЛЕЙБОЛДЫ ОТЫРЫП ОЙНАУДАН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КУБОГЫ





ВОЛЕЙБОЛДЫ ОТЫРЫП ОЙНАУДАН ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ ЗАҚЫМДАНҒАН СПОРТШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КУБОГЫ (2-КЕЗЕҢ)



Тараз қаласы, 2025 ж.

Sport Qory
QAZAQSTAN

КАЗАҚСТАНДЫҚ ПАРА ВОЛЕЙБОЛ
ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ СЕРІКТЕСТЕРІ
МЕН ДЕМЕУШІЛЕРІ:



Sport Qory — Қазақстандық пара волейбол федерациясының бас демеушісі. Осы серіктестіктің арқасында елімізде параволейбол спорт түрі жүйелі түрде дамып, оның инфрақұрылымы нығайып, ұйымдастырушылық әлеуеті артып келеді. Көрсетіліп отырған қолдау федерация жұмысының тұрақты жүргізілуіне, спортшылар үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға және параволейболдың ел көлемінде кеңінен дамуына берік негіз қалады.

Sport Qory қолдауы аясында спортшыларға заманауи спорттық жабдықтар мен аарнайы спорттық киім-кешектер сатып алынып, жаттығу және жарыс үдерістерінің сапасы артты. Сонымен қатар, пара волейболды насихаттауға бағытталған имидждік өнімдер дайындалып, спорт түрінің танымалдығын күшейтуге мүмкіндік туды.

Қор тарапынан көрсетілген қолдау федерация қызметкерлерінің еңбегін қамтамасыз етуге де бағыттталып, пара волейболды дамытуға арналған ұйымдастырушылық жұмыстардың үздіксіз жүруіне жағдай жасады. Бұл өз кезегінде өңірлермен жүйелі байланыс орнатуға, жаңа бастамаларды іске асыруға және спорт түрінің даму аясын кеңейтуге ықпал етті.

Осылайша, Sport Qory-мен орнаған серіктестік пара волейболдың тұрақты дамуына, спортшылардың әлеуетін ашуға және бейімделген спорттың қоғамдағы маңызын арттыруға бағытталған маңызды қадамға айналды.





Атырау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының тапсырмасы негізінде 2025 жылы Федерацияның облыстық құрама командасының бір жылдық дайындық процесі кешенді түрде қаржыландырылды. Аталған қолдау жоғары жетістіктер спортын дамытуға, спортшылардың кәсіби деңгейін арттыруға және ұлттық құрама резервін қалыптастыруға бағытталды.

Қаржыландыру аясында спортшылар мен жаттықтырушылардың еңбекақысы төленіп, команда заманауи талаптарға сай спорттық киім-кешекпен және спорттық тамақтанумен толық қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, спортшылардың республикалық және халықаралық жарыстарға жүйелі түрде қатысуына, сондай-ақ оқу-жаттығу жиындарын өткізуге қажетті барлық жағдай жасалды. Бұл өз кезегінде дайындық процесінің үздіксіз әрі сапалы өтуіне мүмкіндік берді.

Көрсетілген жүйелі әрі мақсатты қолдаудың нәтижесінде Атырау облысының құрама командасы республикалық деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, жеңімпаз атанды. Жарыс барысында спортшылар жоғары техникалық дайындықтарын, тактикалық шеберліктерін және мықты командалық рухтарын көрсетті.

Маңызды жетістіктердің бірі – ұлттық құраманың негізгі құрамының басым бөлігі Атырау облысының спортшыларынан жасақталуы болды. Бұл өңірде қалыптасқан тиімді даярлау жүйесінің, жаттықтырушылар құрамының кәсібилігінің және спортты дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты нәтижесін айқындайды.

Аталған жетістіктер Атырау облысының еліміздегі жоғары жетістіктер спортын дамытудағы жетекші өңірлердің бірі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Алдағы уақытта да көрсетіліп отырған қолдау спортшылардың халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғауына, жаңа буын талантты спортшыларды тәрбиелеуге және қазақстандық спорттың беделін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.





Бұл бөлім спортшыларымызға сенім білдіріп, олардың дамуына жеке үлес қосқан жанашыр азаматтарға арналады



Самат Базарбайұлы Мұсабаев 2022 жылдан бері ұлттық құраманың дайындығына тұрақты қолдау көрсетіп келе жатқан тұлғалардың бірі. Алғаш рет ол 2022 жылы Әлем чемпионатына жан-жақты әрі жүйелі дайындықты қамтамасыз ету мақсатында демеушілік қолдау білдіріп, спортшыларды қажетті спорттық экипировкалармен қамтамасыз етті.

Сол уақыттан бері Самат Базарбайұлы федерация қызметіне тұрақты түрде қолдау көрсетіп келеді. Оның қолдауымен ұлттық құраманың сапалы дайындығына қолайлы жағдайлар қамтамасыз етіліп, команданың халықаралық бәсекеге қабілеттілігі артты.



Әділ Орынбасарұлы Жұбанов 2025 жылы спортшыларымызға халықаралық жарыстарда қол жеткізген жоғары жетістіктері үшін демеушілік қолдау көрсетті. Оның көмегі спортшылардың еңбегін бағалап қана қоймай, оларды алдағы бәсекелерге ынталандыруға және жаңа спорттық мақсаттарға жетуге серпін берді.

Әділ Орынбасарұлының бұл бастамасы паравoleyболды дамытуға, спортшылардың мотивациясын арттыруға және инклюзивті спорттың маңызын қоғамда кеңінен насихаттауға бағытталған нақты қолдаудың үлгісі болды.

«Әулие Ата Демеу» корпоративтік қоры Жамбыл облысының ерлер құрамасы мен қыз балалар командасын Қазақстан Республикасының кубогі қарсаңында толықтай спорттық киім-кешекпен қамтамасыз етті. Аталған қолдау командалардың жарысқа сапалы дайындалуына, біркелкі командалық стиль қалыптастыруға және спортшылардың өзіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік берді.

2025 ЖЫЛҒЫ СПОРТТЫҚ АТАҚТАР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАР



2025 жыл Қазақстандағы пара волейбол федерациясы үшін маңызды жетістіктер мен жаңа белестерге толы кезең болды. Бұл кезең спортшылар мен жаттықтырушылардың жүйелі дайындығы мен кәсіби еңбегінің нақты жемісімен айқындалды. Соның нәтижесінде жыл қорытындысы бойынша бірқатар спортшыларға жоғары спорттық атақтар беріліп, сала мамандары мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Атап айтқанда, **«Халықаралық дәрежедегі спорт шебері»** атағын алған спортшылар саны артты. Атырау облысынан Манабаев А. мен Сейтжапар А., Қызылорда облысынан Амидолла А., сондай-ақ Жамбыл облысынан Жалғас Ж. аталған жоғары спорттық атаққа лайық деп танылды.

Сонымен қатар, ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы Б. Тахауов спорт саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін **«Құрмет»** орденімен марапатталды.

Бұдан бөлек, жеті маман **«Құрметті спорт қызметкері»** төсбелгісін, ал екі азамат **«Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін»** төсбелгісін иеленді.





Спортшылардың **жеке** жетістіктері

Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен пара волейболдан Азия чемпионатында Қазақстан құрамасының спортшылары жоғары деңгейдегі шеберліктерін дәлелдеп, жекелей номинациялар бойынша үздік атанды.



Эрик Қасқабаев турнир қорытындысы бойынша «Үздік доп беруші» номинациясына ие болды. Оның ойын барысындағы дәл пас берулері мен алаңды шебер басқаруы команданың нәтижелі ойынына айтарлықтай үлес қосты.




Шынғыс Медеуов «Үздік либеро» аталымында үздік деп танылып, қорғаныстағы сенімді ойынымен және шешуші сәттердегі тұрақтылығымен ерекшеленді.



Алмат Оспанов турнир барысында қарсыластар шабуылын сәтті тоқтатып, «Үздік блок қоюшы» номинациясын жеңіп алды. Оның физикалық дайындығы мен тактикалық сауаттылығы команда қорғанысын күшейтті.

Бұл жетістіктер ұлттық құраманың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетіп, қазақстандық пара волейболдың Азия құрлығындағы беделінің арта түскенін айқындайды.



2026 ЖЫЛЫҒЫ СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ТІЗІМІ

Іс-шараның атауы	Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу мерзімі	Іс-шараны өткізу орны
Қазақстан Республикасының чемпионаты, 1 кезең	Сәуір	Орал қ.
Әлем чемпионаты алдындағы оқу-жаттығу жиыны, 4 кезең	сәуір-мамыр	Атырау обл.
Әлем чемпионаты алдындағы оқу-жаттығу жиыны, 6 кезең	маусым-шілде	Астана қ.
Әлем чемпионаты	шілде	Ханжоу қ. ҚХР
Қазақстан Республикасының чемпионаты, 2 кезең	тамыз-қыркүйек	Ақтөбе обл.
Азия пара ойындары алдындағы оқу-жаттығу жиыны, 2 кезең	қыркүйек-қазан	Астана қ.
Азия Пара ойындары	қазан	Айти-Нагоя, Жапония
Қазақстан Республикасының чемпионаты, 3 кезең	қараша-желтоқсан	Қызылорда обл.



Қазақстандық пара волейбол федерациясының 2026 жылға арналған даму жоспары

2026 жылы Қазақстандағы пара волейбол федерациясы жоғары жетістіктер спортын дамыту мен волейболды отырып ойнауды ел аумағында кеңінен насихаттауға бағытталған кешенді жұмыс жүргізуді көздейді.



1. Волейболды отырып ойнауды бұқаралық деңгейде дамыту

Волейболды отырып ойнауды өңірлерде кеңінен насихаттау мақсатында облыстық филиалдардың жұмысын күшейту көзделеді.

Облыстық филиалдарға қойылатын талаптар:

- ерлер, әйелдер және жастар құрамаларын жасақтау;
- облыстық деңгейде кемінде бір жарыс өткізу.

2. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Демеушілердің қолдауымен алты облыстық команданы заманауи спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жоспарлануда.

3. Жастар спортын дамыту және инклюзия

Әр облыста жастар құрамалары жасақталып, 2026 жылдың күзінде өтетін «Жұлдызай» жастар инклюзивті ойындарының бағдарламасына волейболды отырып ойнау спорт түрін енгізу көзделіп отыр.

4. Халықаралық жарыстар және Паралимпиадаға іріктеу

2026 жылы Лос-Анджелес–2028 Паралимпиада ойындарына іріктеу процесі басталады. Осыған байланысты ерлер ұлттық құрамасының келесі халықаралық жарыстарға қатысуы жоспарлануда:

- Әлем чемпионаты, Қытай (10–17 шілде 2026 жыл);
- Азия пара ойындары, Жапония (19–26 қазан 2026 жыл).

5. Қазақстан Республикасы чемпионаттарын өткізу

Ерлер арасында ҚР чемпионатының 3 кезеңі:

- I кезең – Орал қаласы (наурыз–сәуір);
- II кезең – Ақтөбе қаласы (тамыз–қыркүйек);
- III кезең – Қызылорда қаласы (қараша–желтоқсан).

Әйелдер арасында ҚР чемпионаты:

- Алматы облысы, тамыз 2026 жыл.

6. Кадрлық және әдістемелік жұмыс


Әр жарыс кезеңінің алдында төрешілер мен жаттықтырушыларға арналған оқу-әдістемелік семинарлар өткізу жоспарлануда.

7. Цифрландыру

Жарыстар барысында төрешілік, хаттамалар мен статистиканы жүргізу электронды форматта жүзеге асырылады.



KAZAKHSTAN PARA VOLLEYBALL FEDERATION



kazparavolley.kz



[kazparavolley](https://www.facebook.com/kazparavolley)